



MUNAILY EKEN

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» БАРЛАУ ӨНДІРУ» АҚ
корпоративті басылымы

№ 3 (467)

5/02/2018



Газет 2005 жылдың
29 желтоқсанынан шыға бастады



ҚМГ БӨ 2017 жылдың

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕРІН ЖАРИЯЛАДЫ

26 қаңтар күні «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ 2017 жылдың операциялық нәтижелерін жариялады.

ҚМГ БӨ «Қазгермұнай» БК» ЖШС, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «ПетроҚазақстан Инк.» компанияларындағы үлестерін қоса алғанда, 2017 жылы 11 867 мың тонна мұнай өндірілді, бұл 2016 жылмен салыстырғанда 2%-ға кем.

«Өзенмұнайгаз» АҚ 5 480 мың тонна өндірді, 2016 жылмен салыстырғанда 1%-ға кем, бұл негізінен ұңғымалардың ауыспалы қорынан өндіру деңгейінің төмендеуімен байланысты. «Ембімұнайгаз» АҚ 2 840 мың тонна өндірді, бұл 2016 жылмен салыстырғанда 0,3%-ға көп. Нәтижесінде, ӨМГ және ЕМГ-нің жалпы өндіру көлемі 8 320 мың тоннаны құрады, бұл 2016 жылмен салыстырғанда 1%-ға кем.

ҚМГ БӨ-нің ССЕЛ, ҚГМ және ПҚИ компанияларының өндіруіндегі үлесі 2017 жылы 3 547 мың тоннаны құрап, 2016 жылға

қарағанда 6%-ға кем түсті, бұл негізінен ПҚИ және ҚГМ-дағы мұнай өндіру деңгейінің табиғи жолмен азаюына байланысты болды.

Мұнайды жеткізу және мұнай өнімдерін сатуға келсек, ӨМГ және ЕМГ-нің шикі мұнайды сатуы 2017 жылы 8 233 мың тоннаны құрады, оның ішінде 5 700 мың тонна шикі мұнай экспортқа және 2 533 мың тонна ішкі нарыққа шығарылды, бұл жалпы сату көлемінің 31%-ын құрайды. Компанияның ішкі нарыққа шикі мұнай жеткізілімдерінің үлесі 2016 жылы 41%-ды құрады.

ӨМГ және ЕМГ ішкі нарыққа жөнелткен 2 533 мың тонна шикі мұнайдың 1 909 мың тоннасы Атырау мұнай өңдеу зауытына және 624 мың тоннасы Павлодар мұнай-химия зауытына жеткізілді.

Мұнайдың дербес процессингі схемасына сәйкес 2017 жылы мұнай өнімдерін сату 2 388 мың тонна мұнай өнімдерін құрады.

ССЕЛ, ҚГМ және ПҚИ компанияларының сату көлеміндегі ҚМГ БӨ-ге тиесілі үлесі 3 414 мың тонна мұнайды құрады, оның ішінде 1 443 мың тонна мұнай экспортқа және 1 971 мың тонна ішкі нарыққа шығарылды, бұл компаниялардың жалпы сату көлемінің 58%-ын құрайды.

Компанияның ССЕЛ, ҚГМ және ПҚИ-дағы үлестерінде мұнай жеткізу құрылымы 2016 жылмен салыстырғанда, 2017 жылы мынадай болып өзгерді: жалпы сату көлемінен экспортқа жеткізу үлесі 50%-дан 42%-ға дейін төмендеді, ішкі нарыққа жеткізу үлесі 50%-ден 58%-ге дейін артты.

Бүгінгі сандық:



3

Қабаттың құпиясы
геологқа ғана мәлім



4

Ембіде – жаңа арнайы
техникалар



6

Әділ Нұрманов:
Қаражанбас кен
орнының қалай
ашылғаны әлі есімде...

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ

ДАМУ КОНЦЕПЦИЯСЫ

Бүгінгі күні «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы маңызды деп саналатын стратегиялық жобаларды іске асыру бағытында жұмыстанып жатыр. Қоғамда ұзақ мерзімді даму концепциясы жасақталып, бекітілді. Мұнай-газ саласы кәсіпорындарына жаңа технологияларды енгізу туралы Елбасы Н.Назарбаев өзінің «Қазақстанның үшінші

жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» деп аталған Жолдауында баса айтқан болатын. Осыған байланысты, «ҚазМұнайГаз» БӨ» акционерлік қоғамының бас директоры Құрманғазы Есқазиевтің бастамасымен халықаралық Royal Dutch Shell (Шелл), Eni S.p.A. (ЕНИ) компаниялары және И.М.Губкин атындағы Ресей мемлекеттік мұнай және

газ университетінің, Уфа қаласындағы ғылыми-техникалық орталық ұжымымен, «ҚазМұнайГаз» өндіру және бұрғылау технологиялары ғылыми-зерттеу институты» ЖШС және «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ мамандарының қатысуымен даму концепциясы дайындалды.

3-бембе >>



ЕМБІЛІК МҰНАЙШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Ақпан айының 1 күні Ембіге «ҚазМұнайГаз БӨ» АҚ Бас директоры Құрманғазы Есқазиев келіп, «Ембімұнайгаз» АҚ мұнайшыларымен кездесті және басшылықтың өндірістік көрсеткіштер бойынша жыл қорытындысының есебін тыңдады. Жиынға барлық мұнайгаз өндіру басқармасы және цех басшылары, қосалқы құрылымдық бөлімшелер өкілдері мен басқару аппаратының ұжымы қатысты.

«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков өткен жылдың қорытындысы мен 2018 жылғы жоспарларға тоқталды. 2017 жылы ембіліктер 2 млн. 840 мың тонна мұнай өндіріп, 2 млн. 805 мың 867 тонна мұнай тапсырды. Бұл жоспарланған өндіру көлеміне сай көрсеткіш. Әрине, Компанияның басты міндеті – жұмысшылардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі. Соған сәйкес, 2017 жылы өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбек қорғау бойынша 13 түрлі, ал еңбек қорғау шаралары бойынша 15 түрлі жұмыс пен қызмет түрлері белгіленіп, сол жұмыстарды атқаруға бөлінген қаражат толықтай игерілген. Атап айтқанда, өрт қауіпсіздігі мен нысандарды өрттен сақтау, өндірістік нысандарды апат-құтқару қызметтерімен қамтамасыз ету, цехтар мен учаскелер арасында үздік жұмысқа, өндірістік мәдениетті дамытуға бағытталған

байқаулар өткізу шаралары. Қоршаған ортаны қорғау саласында ластанған жерлерді өңдеу, экологиялық мониторинг, өндірістік қалдықтарды жою, т.б. жұмыстар да өз дәрежесінде жасалды.

Күрделі құрылыс жұмыстары бойынша 2017 жылға барлығы 27 нысан белгіленген. Мердігерлер тарапынан жұмыстың баяу жүрі құрылыс қарқынына әсер етіп отыр. Бүгінде 8 нысан құрылысы аяқталып, пайдалануға берілген. Ол Оңтүстік-Батыс Қамысты мен Оңтүстік-Шығыс Қамысты аралық екі автожол, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ әкімшілік ғимаратын қайта жаңарту, Жаңаталапта мультифазды сорап станциясының құрылысы, т.б. Компания бойынша бірқатар бизнес-үдерістерді оңтайландыру бағытында да үлкен жұмыс жүруде, ондағы мақсат – еңбек өнімділігін арттырып, жұмысшылардың еңбегін жеңілдету. Соның ішінде материалдық қызмет көрсету және жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу, транспортпен қамтамасыз етудің тиімділігін арттыру бойынша да қарқынды жұмыстар жүргізілуде. Бүгінгі таңда Ембіде бұдан бұрын жасақталған «Ембімұнайгаз. Өсудің жаңа көкжиегі» Даму стратегиясы бойынша да үлкен жұмыстар жүргізілуде. Оның ішінде, геологиялық барлау жұмыстары, газ өндіру және өңдеу, энергиямен қамтамасыз етудің балама көздері, бизнес-үдерістерді автоматизациялау, IT-технологияны дамыту, мамандарды қайта даярлау жұмыстары бар.

2018 жылы Компания алдына мұнай өндіру көлемін 2 895, 0 мың тоннаға жеткізу, мұнай өндіру көлемін арттыру мақсатында жаңа 40 ұңғыманы іске қосу, 290 ұңғымаға күрделі жөндеу жасау, күрделі құрылыс жұмыстарын жүргізу, т.б. көптеген міндет қойып отыр. «Әрине, ол жетістіктерге жету үшін бірлесе жұмыс жасау қажет», – деді Басқарма төрағасы Ә.Жақсыбеков.



Жыл қорытындысы бойынша «ҚазМұнайГаз БӨ» АҚ Бас директоры Қ.Есқазиев «Ембімұнайгаз» АҚ-ның бүгінгі таңдағы өндірістік көрсеткіштері өз деңгейінде келе жатқанын айтып, әлеуметтік мәселелерге де тоқталып өтті.

– Қадірменді мұнайшылар, әріптестер! «Ембімұнайгаз» АҚ-ның өнеркәсіп болып құрылып, жер қойнауынан мұнай өндіріп келе жатқанына жүз жылға жуықтады. Шынын айтқанда, мұнай қоры қазір түгесілмегенімен де, оның да шегі бар. Сіз бен біз мұнай өндіруде межеленген жоспар үдесінен шығу үшін тер төге еңбек етіп келе жатырмыз, жаңа технологияларды енгізіп, геологиялық барлау жұмыстарын да жүргізіп келеміз. Сол талпынысымыздың нәтижесін де көруге тиіспіз. Өндірісті одан әрі дамыта беру үшін әрине ұжымда бірлік керек. Әлеуметтік мәселе бойынша айтсам, біздің жұмысшыларымыз өмірінің тең жартысын өндірісте, жатақханада өткізеді. Ал оларға

жұмыста жеткілікті деңгейде жағдай жасап отырмыз ба? Біз өндіріс, тұрмыс, тамақтану мәдениетін, жұмысшыларға жағдай жасауды шетел компанияларындағыдай дамытуымыз абзал. Жұмысшыларды тасымалдайтын автобустарды жаңарту да кезек күттірмейтін мәселе. Алда өндіріске қажетті арнайы техникалар алуды үдетуді көздеп отырмыз. Жалпы айтқанда, Ембінің барлық бағытта көрсеткіштері жақсы. Сонда да болса бес мың жарым жұмысшының алдағы тірлігін ойласақ, өндірісті дамыту керек. Ол үшін қарт Ембінің ата-бабадан жалғасып, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан бірлігінің мықтылығын ұмытпау ләзім. Бір-бірімізге сүйеніп, таянып, қамқор болуымыз керек. Бұл бағытта кәсіподақтар да ұжымның тұтастығын мұрат етіп, белсенділік танытқаны маңызды. Қашанда ырыс алды ынтымақ, – деді Құрманғазы Есқазиев.

Жиын барысында мұнайшылар тарапынан қойылған сұрақтарға да жауап берілді.



«ARGUMAK TRANSERVICE» ЖШС және «ТҰЛПАР МҰНАЙ СЕРВИС» ЖШС БАСШЫЛЫҚ ҚҰРАМЫНДА ЖАҢА ТАҒАЙЫНДАУЛАР

Серіктестіктің Бақылау Кеңесінің Төрағасы Ли Тецянь және Бақылау Кеңесінің мүшесі Баймұлдин Б.С. екі Серіктестіктің ұжымымен кездесті. Жиында өткен жылдың қорытындысын талқылап, осы жылдың міндеттеріне тоқталды. Ли Тецянь Серіктестіктердің басшылық құрамындағы өзгерістер

туралы айтып, «Тұлпар Мұнай Сервис» ЖШС Президенті болып Мэн Цинган және оның Бірінші вице – президенті болып Мұстахим Беркалиев тағайындалғанын, «Argumak TransService» ЖШС Президенті болып Сун Гуанто және оның Бірінші Вице-президенті болып Шаттық Кульшиков тағайындалғанын хабарлады.



ҚАЗГЕРЛІКТЕР ЕМБІДЕ БОЛДЫ

Жұырда «Қазгермұнай» БК ЖШС мамандары Ембіде тәжірибе алмасу сапарында болды. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың 2014 жылғы 6 қазандағы Қаулысына сәйкес, 2015 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ трансформациялау Бағдарламасына көшіп, ол ҚМГ компаниялар тобының қызметін кең ауқымды түбегейлі өзгеріске әкелуді көздеді. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ енгізген маңызды да ауқымды жобалардың бірі 2016 жылы бастау алған «Шебер-мәліметтерді басқарудың бірыңғай жүйесін құру» жобасы болатын. Оған «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Манғыстау-мұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, «Қаржандарсай» АҚ, «Қазгермұнай БК» ЖШС қатысты. Жоба міндеті – қорды азайту, есептілік сапасын арттыру (шығындар, сатып алулар бойынша есептіліктер), сатып алуды орталықтан жүргізу, материалдар анықтамалығын SAP MDG бағдарламасында жүргізу.

«Ембімұнайгаз» АҚ осы жобаны алғаш боп жүзеге асырушы болды. Яғни, бұл жүйе Ембіде алғашқы боп қолға алынып, бүгінде өз дәрежесінде жұмыс жасап келеді. Жобаның негізгі мақсаты – сатып алу жоспарынан ретсіз жасалған, бір-бірін қайталайтын жазбаларды алып тастау, шығындар мен сатып алулар бойынша есептілік сапасын арттыру, тауарлы-материалдық құндылықтардың толық тізімін құрып, анықтамалық түзу, сатып алуды орталықтандыру мүмкіндігін қарастыру және анықтамалықты SAP MDG жүйесіне біріктіру. Яғни, тауарлы-материалдық құндылықтар (ТМҚ) қорын бір арнаға тоғыстырып, сатып алу жүйесін жеңілдетуді көздейді. «Ембімұнайгаз» АҚ бойынша осы жұмысты жүргізу үшін арнайы



жұмыс тобы құрылып, оған қосалқы құрылымдық бөлімше мамандары да енді. Олар нормативтік анықтамалық ақпарат (НАА) тобымен бірлесіп мыңнан астам дайын үлгі жасақтап, төрт мыңға жуық ТМҚ жазбасын түзді. Бұл айтарлықтай ауқымды жұмыс көлемін білдіреді. Одан әрі бұл үлгілер жоба аясына қатысы бар барлық еншілес тәуелді ұйымдармен (ЕТҰ) қолданылады. Осыған сәйкес жобаны үйренуге, тәжірибе алмасуға Ембіге «Қазгермұнай» БК» ЖШС мамандары келіп, өздеріне қажетті мағлұматтар алды. Оларға ембілік мамандар: Ж.Ильясов, А.Аубакирова, А.Байғазина дәріс беріп, жоба жұмысымен таныстырды.

Қазгерліктер бұл жүйе жұмысымен танысуға үлкен ынтымақ қойып, зор ықылас білдірді. Олар жоба жұмысымен егжей-тегжейлі танысып, аталған жүйені өз кәсіпорындарында қалай жүзеге асыруға болатынын үйренді.

Мен «Қазгермұнай» БК-де логистика саласында инженер болып жұмыс жасап келемін. Басшылықтың «Тауарлы-материалдық құнды-

лықтарды есепке алудың бірыңғай жүйесін құру» идеясын қолдаймын. Расында, жыл сайын сатып алуға қомақты қаржы бөлінеді, ал қажетті тауарлар қойма сөрелерінде бұрыннан жатқан боп шығады, – дейді Елебек Мырзабаев. «Бұл жүйе Ембіде шұғыл енгізіліп, бүгінде табысты жұмыс жасап жатыр. Бізді сол үшін де іссапарға жіберді. SAP жүйесі бойынша жұмыс жасау жеңіл, мұнда бәрі ашық, айқын көрініп тұрады, жүйеге еніп, қажетті тауарды сұрата аласың. Бұл тиімді. Егер қоймада бар боп шықса, оны алу қиын емес. Жаңадан тапсырыс берудің қажеті жоқ. SAP – ТМҚ-ны есепке алудың тиімді құралы. Мәселен, бір тауар әр түрлі атаумен аталуы мүмкін. Оларды бір түрге енгізу бір тауардың атауын ғана білдіреді, сол арқылы қажетсіз артық шығындар қысқарады», – деп қостады әріптесін Ерман Құлтабаев пен Санжар Нағманов. Ембілік мамандар қазгерліктердің тәжірибе алмасуға келуі алға қарай бірлесе жұмыс жасап, өзіндік жұмыс көлемі қарқынды арттыруға және бір мақсатқа жетуге үлкен серпін береді деп сенеді.



« I-бемме

ДАМУ КОНЦЕПЦИЯСЫ АЯСЫНДА АТҚАРЫЛАТЫН ШАРАЛАР:

Бұрғылаудан кейін пайдалануға берілген скважиналардың өнім беру тиімділігін арттыру мақсатында геологиялық қорды нақтылау;

Скважиналарға жасалатын геофизикалық зерттеулердің интерпретациясының бірыңғай жүйесін жасақтау;

Сынамалы телім бойынша қайта интерпретациялау, барлауға дейінгі бағдарлама жасақтау, геофизикалық тәсілдермен анықталған есепте жоқ қабаттарды сынау жұмыстарын іске асыру;

Өзен және Қарамандыбас кенорындарына іргелес орналасқан жерлерде сейсмикалық барлау жұмыстарын жүргізу.

Болашақта тереңдігі 3500, 6000 метрлік скважина қазуды жоспарлап отырмыз. Бұл бізге төменгі қабаттарды зерттеуімізге мүмкіндік береді.

ӨЗЕН КЕНОРНЫҢ БАСТЫ МӘСЕЛЕСІ

Өзен кенорнындағы негізгі мәселенің бірі-қабат қысымын сақтау жүйесін қалыптастыру болып табылады.

Жерасты қабатына 50 жылдан бері теңіз және ілеспе суды айдап келеміз. Теңіз суын пайдалану – қабаттың қышқылдануы, өндірілген өнімде тұздың тұнуы, коррозия және тағы да басқа проблемаларды тудыруда. Жерасты жабдықтары – сораптардың, құбырлардың, шыбықтардың көпке ұзамай пайдаға аспай қалуының негізі себебі – осы. Қабатқа айдайтын судың сапасын жақсарту мақсатында өндірістік процестерді химияландыруға күш салғымыз келеді. Бұл орайда қазіргі таңда жоғарыда аталған институттардың

мамандарының қатысуымен өндірістік-тәжірибелік сынақтар өткізуді қолға алдық. Су көзін таңдау, қабат қысымын сақтау жүйесіне бактерицид қосу, судағы оттегіні жою, бактерицид бақылау бағдарламасы, тиімді ингибитор мен бактерицид таңдау арқылы сульфаттүзгіш бактериялармен күресу, т.б. күрделі де жауапты жұмыстарды жүргізу жоспарымызда бар.

ӨЗЕН КЕНОРНЫНДАҒЫ КЕЛЕСІ МӘСЕЛЕ

Өзен кенорнындағы күрделі мәселенің бірі-мұнайдан суды алдын ала айыру қондырғылары. Бұл қондырғылар салынғалы бері сұйықтық өндіру көп өзгерді. Қазіргі таңда №1 Мұнайдан суды алдын ала айыру цехы 11%-ға, №2 Мұнайдан суды алдын ала айыру цехы 21%-ға жобалық қуатынан жоғары сұйықтықпен жұмыс істеп тұр. Цехтардың қуатын одан әрі арттыра беретін болсақ, суды айыру технологиясына кері әсерін тигізуі өбден мүмкін, сол себепті тиімді дезмультаторлар таңдау үшін ғылыми зерттеу жұмыстарын атқаруды, инфрақұрылымды реттеуді қолға алуымыз керек.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОБАНЫҢ БІРІ

Скважиналардың жерасты жабдықтарының жөндеу аралық кезеңін ұзарту негізгі стратегиялық жобаларымыздың бірі. Біз кезең ұзақтығын саты-сатысымен 2017-2022 жылдар аралығында 300 тәулікке жеткізуді жоспарлап отырмыз. Осы мақсатта тереңдік сораптық жабдықтардың қабылдау сапасын жақсарту, скважинаға жіберілетін жабдықтарды таңдауда программалық әдістемелерді қолдану, скважиналарды өңдеу және жөндеуге дайындау технологиясын сақтау регламенттерін жасақтау, скважиналарды өңдеу сұйықтығының құрамы мен технологиясын жақсарту, деректер мен үздік тәжірибелерді таңдау мақсатында ізденіс жұмыстарын жүргізу, химиялық ингиби-

торларды қолдану тағы осы секілді көптеген әдістер бойынша жүйелі жұмыстарды орындауды алдымызға мақсат етіп қойдық.

ӨНДІРІСТІ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫМЕН ҚАМТУ

– Өндірісті электр энергиясымен қамту-ешқашан өз маңыздылығын жоймақ емес. Өзен, Қарамандыбас кенорнында тоқпен қамтамасыз ететін мекеме мен компания жабдықтары араласып кеткен. Бүгінгі күні жабдықтардың көбісі әбден ескірген. Ауарайының қолайсыздығынан, әсіресе, жауын-шашынды күндері тоқтың сөніп қалуы салдарынан тербелмелі қондырғылардың тоқтап қалуы жиі орын алады. Мұның кесірінен мұнай өндіру көрсеткіші едәуір төмендеп кетеді. Алдағы уақытта біз сыртқы энергияның тәуелділігінен арылуымыз керек. Сондықтан, автономды газды турбиналық энергостанцияны салуды жоспарлап отырмыз. Қазіргі таңда жоба «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ инвестициялық комитеті қарауында, 2017-2018 жылдары техникалық-экономикалық негіздеме жасақталып бітеді. Мұндай тәжірибе көршілес мұнай компанияларында бар және олар ойдағыдай нәтижеге қол жеткізді.

ӨНДІРІСТЕГІ ӨЛШЕГІШ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ

Өндірістегі өлшегіш құралдары да басты назардағы мәселенің бірі. Қысым, температура, сұйықтық есептеу аспаптарын модернизациялап, мөлшерлеу өнімімен және парктік өнімнің арасындағы ауытқуды қысқартуымыз керек. Сол себепті, автоматтандыру жүйелерін жаңарту жалғаса береді.

Әрине, аталған жұмыстар бір күнде шешілетін мәселе емес, біз бұл бағыттағы жұмыстарды жоғарыда аталған компаниялардың тәжірибесі және кеңесімен бірлесе отырып, жан-жақты

сараптап барып жүзеге асыратын боламыз. Дегенмен, бүгінде компаниямыздың басшылығының қолдауымен аталған жоба қолға алынып, нақты жұмыстар басталып кетті.



Біз ағымдағы жұмыстарды сауатты түрде іске асыру арқылы Компанияның жарқын болашағына өз үлесімізді қосамыз

Ермек ҚАРАМҰРЗАЕВ, «Өзенмұнайгаз» АҚ, Өндіріс жөніндегі басқарушы директор

ҚАБАТТЫҢ ҚҰПИЯСЫ ГЕОЛОГҚА ҒАНА МӘЛІМ

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы, №1 Мұнай-газ өндіру басқармасында жұмыс жасап жүрген бір топ геолог мамандардың еңбегі зор. Атап айтатын болсақ, директордың геология және игеру жөніндегі орынбасары Руслан Малманов, №2 мұнай-газ өндіру цехының аға геологы Рая Айтбаева, қабат қысымын сақтау цехының аға геологы Эльмира Нұрбаева, геолог Әсем Серікбаевалар зерттеу қорытындыларын шығару, белгіленген өнімді өз көлемінде игеру және арттыруды жоспарлау, сондай-ақ, жоспардың орындалуын қадағалайды. Геолог деп аталатын мамандық көпшілікке етене таныс. Алайда, оны меңгеру кез келгеннің маңдайына жазыла бермейтіні аян...



Руслан Малманов:

Геолог өндіріс даласын зерттеумен, мұнай қорын анықтаумен, оны бұрғылаумен айна-

лысады. Бұл жұмыстар айтар ауызға жеңіл болғанмен, оны жүзеге асырудың өзіндік қиындығы бар. Мен еңбек жолымды №87 топтық қондырғыда зерттеу операторы болып бастадым. Соңынан инженер-геолог болдым... Бала кезімнен археологияға деген қызығушылығым болды. Геология саласы да археологиямен жақын сала іспетті. Бос уақытымда футбол тамашалаймын. Әлемнің қай түкпірінде өтіп жатса да чемпионатты жіберген емеспін. Астраханьда студент кезімде 2 жыл әуесқой бокспен айналыстым. Геология деген тылсым әлемге енген біздерге кәсіптің қыр-сырын үйреткен Аманжан Өтесінов, Гүлнәр Сәтқалиева, Ғалия Құлсариеваларға шексіз алғыс айтамын. Сондай-ақ, өндірістің ілгерілеуіне сүбелі үлес қосып, біздерге білгенін үйретуден еш жалықпайтын бас директордың геология және игеру жөніндегі орынбасары Шолпан Пангереваға әріптестерімнің атынан ерекше ризашылығымды білдіремін.



Рая Айтбаева:

Дәрігерлер ауру түрін әңгімелейді, мұғалімдер оқушылар туралы айтады. Ал біз, геологтар, мұнай тақырыбында әңгіме айтқанды ұнатамыз. Мұнайды өндіру үшін скважинаны толық зерттеп, қабаттардағы мүмкіншіліктерін қарайтын, мұнай өнімділігін жоғарыға көтеру – тікелей геологтарға байланысты. «Қабаттарды жару, қабаттарды ату» – деген сөздер тек қана біздерге, геологтарға түсінікті. Жұмысым өзіме қатты ұнайды. Жолдасым Жұмакеш Айтбаев та мұнайшы. Осыдан бірнеше жыл бұрын компанияның «Жайдарман» ойнына қатысып, командамыз жүлдегер атанды. Марафонға да қатыстым. Сол кездегі директорымыз Қайырбек Елеусінов спортқа

жақын адам болатын. Ол бізге де спортпен достасуды үйретті. Ұстаздарым ретінде Аманжан Өтесінов, Ақкенже Мұсағалиева, Жібек Ұзақбаеваларды айтар едім.



Эльмира Нұрбаева, Әсем Серікбаева:

Біз өндірісте қабаттарды гидрологиялық жару арқылы мұнай қоры бар жерлерге құбыр жолын саламыз. Соны алдын ала зерттеп, мүмкіндігін білеміз. Біраз жылдардан бері осы саламен тыныстап, біте қайнасып кеткендіктен, геология саласы жанымызға өте ыстық. Қабаттардағы қуыс болмас үшін біздер мұнай өндіру кезінде ол жерге су айдаймыз. Оның да өз машақаты жетеді. Жақсы геолог мұнайдың қайдан, қалай келетінін түйсігімен сезуі керек. Геология саласын игеру үшін кәсіпке деген сүйіспеншілік болуы шарт.

Жоғарыда біз сөз еткен №1 Мұнай-газ өндіру басқармасы тәулігіне 14 200 сұйықтық өндіреді. Отанымызды қала берді компанияны көркейту үшін аянбай қызмет етіп жүрген геологтардың еңбегі зор. Хакім Абай бейнетсіз дәулет жоқ екендігін айтты. Тек еңбек қана елді ұшпаққа шығарып, компанияны өркендетпек!



КӨЛІКПЕН ҚАМТУ – «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ-НЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТЫ



«Ембімұнайгаз» АҚ-ның келешек даму жөніндегі басқарушы директоры
Әлихан БАЙДҮЙСЕНОВ:

– Көлікпен қамту үдерісінің тиімділігін арттыру жобасы аяқталуға жақын. Қазіргі таңда біз жобаны жақында құрылған көлік департаментіне тапсыру жұмыстарын жүргізудеміз. Бұл департаментке барлық өндірістік құрылымдық бөлімшелерде құрылып жатқан көлік қызметтері қарайды.

2017 жылы «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасында пилоттық жобаны жүзеге асыру тәжірибесі негізінде Компанияның барлық өндірістік құрылымдық бөлімшелерінде автопарктер жаңартылып, жоғарғы жабдықтарда отын шығынын есептеу қондырғысын тәжірибелік-өнеркәсіптік сынау жұмыстары жүргізілуде. Ұзақ мерзімді өндірістік бағдарлама жасақталды, жоспарлау және цехтар бойынша көліктік шығындарды бөлу жүйесі енгізіліп, жанар-жағар май (ЖЖМ) шығыны көлемдері реттелді. Көліктік қамту үдерісін орталықтан басқару жүйесі құрылып, нормативті-әдістемелік, регламенттік құжаттар мен қызметтің нақты көрсеткіштері жасақталды. Аз ғана уақыттың ішінде аталған жоба аясында 16 нормативтік-құқықтық құжат пен басшылық қызметінің нақты көрсеткіштері жасақталып, келісілді. Жоғарғы жабдықтарда отын шығынын есептеу қондырғысын тәжірибелік-өнеркәсіптік пайдалануға беру жұмыстары жүргізіліп,

«Ембімұнайгаз» АҚ-да Трансформация бағдарламасы аясында бірқатар жобалар сәтті жүзеге асуда. Солардың бірі – 2016 жылы «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасында пилоттық режимде енгізілген Көлікпен қамту үдерісінің тиімділігін арттыру жобасы. Бұған дейін «Мұнайлы мекен» газетінің беттерінде біз аталмыш жобаны енгізудегі тәжірибе туралы кеңінен айтқан болатынбыз (№21, 09.12.2016 ж.; №8, 25.04.2017 ж.). Ал, енді жобаның қазіргі жағдайы жөнінде баяндамақпыз.

көліктік қамтуды автоматтандырудың жаңа жобасы шеңберінде басқа өндірістік құрылымдық бөлімшелерге (ӨҚБ) таралады. Алайда, мәселе түбегейлі шешілді деуге әлі ерте. Сондықтан, көлікпен қамту үдерісінің тиімділігін арттыру жұмыстары жалғасады.



Абат ҚҰТЖАНОВ,
«Ембімұнайгаз» АҚ-ның өндіріс жөніндегі басқарушы директоры:

– 2018 жылы көлікпен қамту үдерісінің тиімділігін арттыру жұмыстары аясында «Ембімұнайгаз» АҚ-да көлікті бөлек есепке алу және автоматтандыру бойынша жаңа жоба қолға алынбақ. Бұл жобаны енгізудегі мақсат – мұнай өндіру өзіндік құнының азаюы, көліктік қызмет сапасын арттыру, арнайы техника паркін жаңарту және одан әрі дамыту.

Қазіргі таңда параллельді түрде тендерлік құжаттарды дайындау және техникалық зерттеу процестері жүруде. Жобаны жүзеге асыру кезінде біз төмендегідей нәтижелерді күтеміз:

- Паркті пайдалану, техникалық дайындық коэффициенттерін арттыру, көлікті тиімді пайдалану;
- көлік шығынының ашықтығы;
- техника бірліктерінің өндіруді қолдау бойынша шаралардағы қатысын есепке алу;

■ «Ембімұнайгаз» АҚ үшін бөлек есептеу аналитикалық моделіне негізделіп жүргізілген шешімдерге орай оңтайландыру есебінен экономикалық тиімділік алу;

■ арнайы техникалардың колонналарында доңғалақ, аккумуляторлық батареялар, жанар-жағар май, қосалқы бөлшектер, жөндеулер есебін жүргізу бойынша қол жұмысын (қағазбастылықты) 80%-ға қысқарту;

Жобаны жүзеге асырудың болжамды мерзімі: 2018 жылдың соңына дейін.

Біз бұл жоба да көлікпен қамту жобасы секілді сәтті боларына сенеміз.

Жалпы алғанда, «Ембімұнайгаз» АҚ Трансформация бағдарламасы шеңберінде өз алдына үлкен міндеттер қойып отыр: ұжымдық мәдениетті арттыру, озық технологияларды енгізу және мұнай-газ саласындағы жоғары технологиялы компаниялар қатарына ену.

бастамаларды енгізудегі прогресті қадағалау және мониторинг жүргізу мақсатында компаниямыздың барлық мұнай-газ өндіру басқармаларын араладық. Жұмыс сапарлары барысында басшылармен, механиктермен, көлік колонналары диспетчерлерімен, соның ішінде, «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасында – Елеусін Ризуановпен, «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасында – Құндыз Исмуқашевамен, «Доссор» мұнай-газ өндіру басқармасында – Мақсат Қазиевпен және «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасында – Айхан Сағынғалиевпен кездесіп, әңгімелестік. Олардың барлығы көлікпен қамтудың жаңадан жасақталған кестесі тиімді және ыңғайлы екендігін атап өтті. Бұл кесте жүргізушілермен қатар, көлікті ұйымдастыру жұмыстарын да жақсы бақылауды қамтамасыз етеді.

– Механиктер мен диспетчерлер жұмыс орындарында сұраныс, жол парақтары, ЖЖМ бақылау және есептеу таблицасының жаңадан жасақталған формасын тиімді әрі ыңғайлы деп бағалап отыр. Олардың мәлімдеулерінше, жаңа әдіс қабылдау, беру және есептен шығару есебін калькуляциялауға кететін уақыт пен ЖЖМ үнемдейді.

Бүгінгі таңда барлық МГӨБ-де автопарктерді жаңарту жүріп жатыр, ескі, қолданыстан шыққан техникалар есептен шығарылуға дайындалуда. Автотұрақтар қосымша арнайы жабдықтармен, V-пішіндес қозғалтқыштарды шашып-жинауға арналған стенділермен, құрал-саймандарға арналған жиынтықтармен, т.б. жабдықталуда. Слесарьлар мен жүргізушілердің жалпы пікірінше, жаңа қондырғы көлікке техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын анағұрлым сапалы орындауға мүмкіндік береді.



«Ембімұнайгаз» АҚ мониторинг және көлік есебін жүргізу бөлімінің бастығы
Қуандық ҚАЛАУОВ:

– Ағымдағы жылдың қараша айында Көлікпен қамту жобасы аясында жасақталған

ЕМБІДЕ – ЖАҢА АРНАЙЫ ТЕХНИКАЛАР



«Ембімұнайгаз» АҚ-да өндіріске арнайы техникалар алу жұмысы жанданып, өндіріс ошақтары жаңа техникалармен толығуда. Соған сәйкес, бүгінгі таңда барлық мұнай-газ өндіру басқармаларында автопарктерді жаңарту жүріп жатыр. Жыл соңында Жылыойда 16, Жайықта 15, Қайнарда 8, Доссорда 8, Энергода 2, ӨТҚЖЖК-де 1

бірлік арнайы техникалар алынған. Алдағы бесжылдықта ЕМГ бойынша бүкіл арнайы техниканы түгел жаңарту жоспары қойылып отыр, өйткені қазіргінің басым бөлігі ескірген. Сол себепті, ескі, қолданыстан шыққан техникалар есептен шығарылуға болса, жаңалары өндіріске қажеттілігін өтеуде. Прорва арнайы техникалар керуенінің бастығы Махамбет Имановтың айтуынша, қазіргі уақытта керуенге қарасты 76 бірлік арнайы техника болса, жаңадан тағы 8 бірлік техника келді. Олардың ішінде, су, май таситын көлік, техникаларды, ұңғымаларды бумен тазалау техникасы, арнайы ұзын тұрбалар таситын және ауыр да көлемді жүктерді тасымалдауға арналған техникалар бар. Құлсары арнаулы техникалар және автокөлік керуенінде де осындай техникалармен қоса автокрандар келіп, олар бүгінде Қосшағыл, Ақінген, Қаратон, Қисымбай, т.б. кен орындарында өндірісте қолданылуда. Автопарктер қосымша арнайы жабдықтармен, әр түрлі стенділермен, құрал-саймандарға арналған жиынтықтармен, т.б. жабдықталуда.





ДУАЛДЫҚ ЖҮЙЕ БОЙЫНША – ЕНДІ ХИМИК-ТЕХНОЛОГТАР

«Ембімұнайгаз» АҚ студенттерді дуалдық оқыту бойынша төртінші жыл қатарынан Атырау мұнай-газ университеті және АРЕС PetroTechnic Жоғарғы колледжімен ынтымақтастықта жұмыс жасап келеді. Биылғы жылы Компания өндірістік алаңдарда 24 студентті, соның ішінде, төртеуін «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-на қарасты Прорва кен алаңындағы Ілеспе газды кешенді дайындау қондырғысында оқытуды бастады.



Айта кетсек, Прорва кен алаңындағы Ілеспе газды кешенді дайындау қондырғысы (бұдан былай – Қондырғы) өткен жылдың маусым айында іске қосылған болатын. Қазіргі таңда Қондырғыдан шыққан тауарлы газ «Орта Азия-Орталық» магистральдық газ құбырына дейін Прорва кен алаңдарында ілеспе газды ауаға жағуды айтарлықтай азайту арқылы берілуде. Мұндай қондырғылар 2012-2013 жылдардан бері Компанияның Шығыс Мақат және С.Балғымбаев кен алаңдарында табысты жұмыс істеп, Атырау облысының үш ауданы тұрғындарын жеңілдетілген бағамен көгілдір отынмен қамтамасыз етіп келеді.

Жыл басынан бері Қондырғы базасында тәжірибеден өтіп жатқан төрт жас Атырау мұнай-газ университетінің «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығы бойынша 3-курсның студенттері. Студенттер он ай бойына ауысымдық әдіс бойынша Прорва кен алаңындағы Қондырғының газ дайындау және күкірт алу цехында өндірістік тәжірибеден өтеді.

– Жоғары оқу орнынан алған теориялық білімімді өндірісте тәжірибемен ұштастыруға мүмкіндік алғаным үшін қуаныштымын, – деп тағылымгер Әсел Шымырханова өз әсерімен бөліседі. – Тағы бір жағымды жайт – материалдық көмектің берілетіндігі. Өйткені, өндірісте өткен әрбір вахта үшін мен арнайы шәкіртақы аламын. Менің енді анама көмектесуге мүмкіндігім бар. Мұнда тұрмыстық жағдайлар әбден реттелген. Сондықтан, білім алуға және өзімізді дамытуға барлық жағдайдың жасалғандығы маған қатты ұнайды.

Естеріңізге сала кетейік, «Ембімұнайгаз» АҚ жоба шеңберінде тағылымгерді оқыту, тамақтандыру, жатын орынмен, арнайы киіммен және өтемақы төлемдерімен қамту шығындарын толығымен жауып отыр. Оқу кестесіне сәйкес, жастар өз оқу орындарында бір айда

14 күн оқып, қалған 14 күнде өндірісте тәжірибеден өтеді.

– Болашақтағы химик-технолог маманы ретінде газды дайындау кешенімен өндірісте танысу мен үшін өте маңызды. Бұл жайлы бұған дейін тек теориялық тұрғыда білетінмін. Мұнда қауіпсіздік ережелерін сақтау қатаң талап етілетіндігі ұнайды. Алғашқы күннен бастап біз еңбекті қорғау, өнеркәсіп және өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулықтармен таныстық, бізді арнайы қорғаныс құралдарын пайдалануға үйретті. Мен оқу барысында барынша көп білім алуға тырысамын, – дейді Ернар Орашев.

Тұрсынғұл Жантілеуованың айтуынша, ол мектеп қабырғасынан бастап ғылыми жұмыстармен айналысып, химия пәні бойынша әртүрлі сайыстардың жеңімпазы атанған.

– Газды қайта өңдеу және күкіртті алу зауытында алған тәжірибем болашақта менің кәсіби дамуыма үлкен жол ашады деп ойлаймын, – дейді ол нық сеніммен.

Ерболат Мырзағалиев «Ембімұнайгаз» АҚ-ның дуалдық оқыту жобасы туралы 2016 жылдың қыркүйек айында білген:

– Мен Әнуар Еркінұлы Жақсыбековтың дуалдық оқыту жүйесі туралы айтқан (Басқарма төрағасы – авт.) сұхбатын оқыдым. Мені студенттердің осы жүйе бойынша оқудың 40 пайызын өндірісте өткізетіні қызықтырды. Осы тізімге химик-технолог мамандығының студенттері енбей қалғанына өкінген едім. «Ембімұнайгаз» АҚ-на осынау игі жүйе арқылы енді химик-технологтардың білім алуына мүмкіндік туғызғаны үшін алғысымды білдіремін.

2015-2017 жылдар аралығында барлығы 69 студент оқу бағдарламасынан өтті, оқу орнын аяқтаған соң олар дипломмен қоса мұнай-газ саласында еңбек еткені жөнінде жазылған еңбек кітапшасын да алды.

БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ Алғыс хатын иеленді

«Ембімұнайгаз» АҚ Қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры Гүлбану Шарафетдинова компанияда дуалды оқыту жүйесін енгізуге және дамытуға зор үлес қосқаны үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Алғыс хатымен марапатталды.

Түсіндіре кетсек, 2015 жылдың күзіне қарай «Ембімұнайгаз» АҚ Атырау мұнай және газ институты және «АРЕС PetroTechnic» Жоғарғы техникалық мектебімен бірігіп, студенттерді дуалды оқыту бойынша пилотты жобаны іске қосқан болатын. Отандық мамандарды дайындауда үш бағыт бойынша, атап айтқанда, дуалдық оқыту жүйесі, шәкіртақылы бағдарлама және студенттердің өндірістік тәжірибесін ұйымдастыру бойынша еліміздің жоғары және орта-арнаулы оқу орындарымен әріптестік қарым-қатынас орнатты. Пилотты жобаға алғашында 3-4 курстың 34 студенті қатысқан болатын, бүгінгі күнге 69 студентті қамтыды. 69 студентке «Ұңғымаларды зерттеу операторы» біліктілігі берілді. Оның ішінде 19 стажер «Қондырғыларды сусыздандыру және тұзсыздандыру операторы», 20 стажер «Мұнайгаз өндіру операторы» біліктілігіне ие болды. Тестілеу кезінде жоғары балл алған 16 жас маман Компанияға жұмысқа алынды. Айта кетерлігі, 2018 жылы дуалды оқыту жүйесіне қатысу үшін 24 студент «Геология және пайдалы қазбалары бар кен орындарын барлау», «Органикалық заттардың химиялық технологиясы», «Мұнай кен орындарын игеру және пайдалану» мамандықтары бойынша іріктеуден өтті. Енді олар өндіріске тәжірибеден өтуге жіберіледі. Бұл бүгінгі жас мамандарға жасалып отырған үлкен мүмкіндік. «Компания басшылығы қолдап, табысты жүзеге асып келе жатқан жобаны іс жүзінде қолданысқа енгізіп отырған Гүлбану Әбүтәліпқызы мен оның командасына алдағы уақытта да зор жетістіктер тілейміз», – деді ЕМГ басқарма төрағасы Ә.Жақсыбеков. Мұнай компаниясының маманы Білім министрлігінің алғысын алуы – ол үлкен жетістік. Марапатыңыз құтты болсын, әріптес!



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАР ЕНГІЗІЛУДЕ

Қазіргі таңда әрбір кәсіпорын шығарылатын өнімі мен көрсетілетін қызметінің сапасын сақтау, жұмыскерлері және қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелеріне ерекше мән береді. Бұл орайда «Технологиялық көлік және ұңғымаларға қызмет көрсету басқармасы» ЖШС де әлемдік тенденциялар мен талаптардан артта қалмай, заманға сай ілесіп отырады. Биыл Басқарма өзінің даму стратегиясына сәйкес ISO-ның сапа менеджменті жүйесі, кәсіби қауіпсіздік пен денсаулық менеджменті жүйесі және экологиялық менеджмент жүйесінің жаңа халықаралық стандарттарын енгізе бастады.

Стандарттарды енгізу аясында жұмыстар үш кезеңнен тұрады. Бір жұмыстарды

«Стандарттау жөніндегі ғылыми-техникалық орталық» ЖШС жүргізді. Қазіргі уақытта кәсіпорынды диагностикалау аяқталды. Әкімшілік-басқару аппаратының қызметкерлері және негізгі инженерлік-техникалық қызметкерлермен бірге өндірістегі жұмыскерлер оқытылды.

Оқуға бөлім және өндірістік құрылымдардың жетекшілері ғана емес, сондай-ақ Серіктестік басшылығы қатысты. Барлығы 79 адам оқудан өтіп, жаңа стандарттармен танысты.

Стандарттар енгізілгеннен соң, кәсіпорын арнайы сертификаттар алатын болады. Сертификаттар жүйелердің дұрыс әрі толыққанды жұмысына кепілдік берумен қатар, осы салалардағы ықтимал қауіп-қатерлерді жою

үшін бірқатар процедуралардың бар екенін растайды. Компанияның ұзақ жылдар бойы халықаралық стандарттарға сәйкес болуы

оның тұрақтылығын және шығаратын өнімі, көрсететін жұмыстар мен қызметтері сапасының дәлелі болып табылады.





Әділ НҰРМАНОВ:

ҚАРАЖАНБАС КЕН ОРНЫНЫҢ ҚАЛАЙ АШЫЛҒАНЫ ӘЛІ ЕСІМДЕ...



1974 жылдың 26 қаңтары «Қаражанбасмұнай» АҚ үшін тарихи күн. Бұл күні Қаражанбас кен орнында алғашқы мұнай фонтаны атқылап, Бозащы түбегінде мұнай өндірісінің алғашқы іргетасы қаланды. Тарихи сәттің куәсі болған Маңғыстау өңірінен шыққан алғашқы барлаушы геолог Әділ Нұрманов 44 жыл бұрынғы зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін түрлі кедергілерге тап болып, көп қиындық тудырғандығын айтады. Атаулы күнге орай мұнай-газ саласында табанды еңбек еткен ақсақалдың естелігін назарларыңызға ұсынамыз.

Өткен ғасырдың орта тұсында Маңғыстау облысынан мұнай фонтандарының атқылауы тек Қазақстан, Кеңес Одағының ғана емес, аты шетелге дейін жетіп, олардың қызығушылығын тудыра бастады. Сол уақыттары мен Алматыдағы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін геология саласы бойынша оқып бітірдім. Бұл кездері Маңғыстау аймағында геология саласында оқыған ешкім жоқтың. 1957 жылы оқу бітіріп, елге келгенімде «Маңғыстаумұнайгаз барлау» тресі құрылды. Бұл алғашқы трест болғандықтан оның жұмысы үнемі назарда болып, Мәскеуден тұрақты қадағаланып отырды. Соның арқасында Маңғыстауда бірнеше кен орнында барлау жұмыстары тұрақты жүргізіліп, нәтижесінде мұнай көздері табылды. 1950-60 жылдары Маңғыстау түбегі ақ қағаздай белгісіз жер еді. Ара-тұра келіп-кеткен геологтардың аз-маз барлау жұмыстары жүргені болмаса, көп нәрсе беймәлім болатын. Сырттан келгендер өздерімен бірге жер жайын білетін адамдарды ертіп, өңірді аралап көрді. Алайда иен даладан мұнай-газ орнын анықтау қиынның қиыны еді. Тек сараптама жасау үшін топырақты салып әкетіп, Ленинградтағы институтта геологиялық құрылымын зерттеген болады. Осы арқылы жер қыртысындағы қазба

байлықтардың түрін анықтайтын. Мен барлаушы геолог ретінде өңірдегі алаңдарға шығып іздеу жұмыстарына қатыстым. Бізге белгілісі бір-екі жер ғана болды. Оның өзін XIX ғасырда саяхатшылар анықтаған мұнай сіңген тастар арқылы білетін. Мұнайдың көзі нақты қай жерде екенін ешкім білмеді. Біз сол жағдайларды анықтаумен айналысып жаттық. 1957 жылы Түбіжік деген жерде барлау жұмысы жүргізілді.

Онда жұмыс істейтін геологтар тегіс Ембіден келген. Арасында жергілікті мамандар болмады. Әуелі анықтаудың алғашқы әдісі аймақтық геофизикалық жұмыстар басталды. Кей жерлерде мұнай құрылымдары кездеседі. Оған талдау-тексеру (детализация) жасайды. Ештеңе белгісіз болғанына қарамастан, біз жұмысқа білек сыбана кірістік. Барлау экспедициясы құрылып, ол Форт-Шевченко қаласында орналасты. Алғашқы кен орны Өзенді ашқанда бізге Кеңес Одағы «Алғашқы ашушы» деген диплом табыстады. Жетібай-Өзен (Оңтүстік Маңғыстау) кен орындарының ашылуымен Маңғыстаудың өрлеу дәуірі бастау алды. Оның соңынан Теңге, Тасболат секілді шағын кен орындары ашылды. Жалпы, мұнай кенішінің ғұмыры ұзақ болып талай ұрпаққа дейін жетеді. Мысалы, Доссордағы кеніш осыдан 107 жыл бұрын ашылғанына қарамастан әлі

күнге мұнай беріп тұр. Мұның қасына Мақат, Құлсарыда ашылған кеніштерді де қосуға болады. Өзен мен Жетібай ашылғаннан кейін Маңғыстауда біраз жылға дейін жаңадан кен орындары табылмады. 1959 жылы барлау саласын Геология министрлігіне берді. Министрлік барлау жұмыстарын жолға қоя бастаған соң геофизика жұмыстарын жүргізу жалғасын тапты. Маңайдағы жер бедерін анықтады. Жалпы, мұнай тегіс жерде болмайды. Төңкерілген тостақан тәрізді дөңдердің астында жатады. Бұл уақытта Бозащы академиктер тарапынан бұл жерді перспективасы деп баға беруіне байланысты әскери құрылымның қарауында болды. Бозащының «перспективасы жоқ» дегеніне қарамастан зерттеуге рұқсат сұрай бастадық. Себебі, онда әскери бекет тұрғандықтан ішке бөтен адамды аттап бастырмайтын.

Біз сол кезде Бозащыны аралап шығу үшін рұқсат сұрап жиі хат жаздық. Оны шешуге жергілікті аудандық атқару комитетінің қауқары жетпеді. Әскери мекеме болғандықтан тікелей орталыққа бағынатын. Хат жаза жүріп 1972 жылы аралауға рұқсат алдық. Аралап шыққаннан кейін Бозащыны барлау жұмыстарын бастау үшін жұмыс бастау керектігін ұғындық. Бұл жерде рұқсат беру деген мәселе тағы шықты. Тыйым салып отырғаны, зымырандардың құлайтын полигоны іспетті еді. Сондықтан адамдарға қауіп бар. Осыған қарамастан Орталық жақ бізге рұқсат берген соң бер жағындағы Долгийден (Каспийдің шығысындағы арал) барлау жұмыстарын бастап кеттік. 1973 жылы Қаражанбастан бір скважина қазуға рұқсат алдық. Оны қазу үшін Бұрғылау шебері Санақ Таяновты топографмен ертіп жібердім.

1974 жылы 26 қаңтарда түнде оқыстан хабар келді. «Қаражанбастан фонтан атып кетті» деп жігіттер сүйінші сұрай келді.

«Бөтелкеге құйып әкелдіңдер ме?» десем, «ұмытып кетіпсіз» дейді. Түсін, түрін сұрап жатырмын. Мүмкін су шығар деймін күдіктеніп. Содан жан-жаққа хабар беріп, ертеңінде 27 қаңтар күні түсте жолға шығып кеттік. Қыс ортасы болғандықтан далада қалың қар бар еді. Үш машинамен Қаражанбасқа барсақ, 12-ші скважинаның маңайы мұнайдан «көлге» айналыпты. Мұнай бұрқылдап атып жатыр екен. Қуанышымызда шек жоқ. Бұрғылау жұмыстарын бастағанда бірден

«Қаражанбастан фонтан атып кетті» деп жігіттер сүйінші сұрай келді.

«Мұнай ата қояды» деген ой болған жоқ. Қуысты бекітетін қақпақшасын (Заглушка) жауып қойған екен. Мұнай амбарға барғанымен ол асып кетіп, далаға төгіліп жатыр. Жарты айдай жүріп, алғашқы фонтанды бағындырдық. Бағындыру үшін тұрба жіберіп, жауып тастадық. Бұл туралы 1974 жылдың ақпан айында Кеңес Одағының «Мұнайгаз геологиясы» журналының №5 санында «Қаражанбастан мұнай фонтаны атқылады» деген мақала жарық көрді. Қаражанбастан сөйтіп алаң емес, аймақ ашылды. Қасынан тағы да қазу жұмыстарын жалғастыра бастадық. Арада бір жыл өткенде Терістік Бозащыны барлау жұмыстары басталды. Ол 1975 жылы маусым айында ашылды. 1976 жылы Қаламқас кен орны жұмысын бастады. Әрқайсысынан 1 млн. тонна кем түспейтін мұнай көлемін есептеп шығарып, орталыққа тапсырдық. Сөйтіп барлау жұмыстары басталған кен орындары бүгінде Қазақстанның негізгі мұнай өндірісінің біріне айналды...

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ МЕН ТЕХНИКАНЫ ЕНГІЗУ



«Қаражанбасмұнай» АҚ негізгі мақсаты – мұнай және газ конденсатын өндіру, мұнай өнімдері мен газға ішкі нарықтың қажеттіліктерін қамтамасыз етуге өз үлесін қосу, еңбек қауіпсіздігін және қоршаған ортаға жағымсыз әсерді азайта отырып өндіру деңгейін тұрақты жоғары деңгейге шығару, өндірістегі жетістіктерін халықтың игілігіне жарату болып табылады.

Мемлекет басшысының Жолдауында көрсетілген басты міндеттердің бірі – елімізде жүзеге асырылу үстіндегі индустрияландыруды жаңа технологияларды енгізудің көшбасшысына айналдыру міндетін қойған.

Қазіргі таңда жаһандық деңгейде жүргізіліп жатқан өндіріске жаңа тех-

ника, технология енгізу бағытындағы өзгерістерге сай болу үшін «Қаражанбасмұнай» АҚ да осы бағытта жұмыстар атқаруда.

Атап айтар болсақ, 2017 жылы Қаражанбас кен орнында: Ұңғылардың сағалық қысымдарын төмендеті отырып, ұңғы өнімінің өсуіне себебін тигізетін және ұңғылардың өнімінің ілесіп газ, құрамындағы құм мөлшерін талдамайтын мультифаздық бұрандалы сорап (31птв); Сораптық Компрессорлық Құбырларды пайдалану мерзімін, сонымен қатар, ұңғылардың жерасты жөндеу аралығын ұзартуға бағытталған ұңғы сорабының құрамындағы жерасты жабдықтарындағы шыбықтарын қажет етпейтін, ұңғы түбіне түсірілетін жетекті бұрандалы

сорап (скв.2115,1188); Ұңғылардың жер бетіндегі және жер асты жабдықтарын тиімді қолдануға бағытталған, өндіріске ұңғыларды қашықтан басқару жүйесін енгізу мақсатында тербелмелі қондырғылардың интеллектуалды басқарма бекеті (ЦДН-1) және өндірісті цифрландыруға бағытталған бірнеше жабдықтарға тәжірибе-сынақ жұмыстары өткізілуде. Қазіргі таңда жоғарыда көрсетілген өндірістік тәжірибе-сынақ жүргізіліп жатқан заманауи қондырғыларының өндірістік, сонымен бірге, экономикалық сараптарының нәтижелері күтілуде.

«Қаражанбасмұнай» АҚ Өндірістік-техникалық департаменті



ЕҢБЕГІНІҢ ЖЕМІСІ, БЕЙНЕТІНІҢ ЗЕЙНЕТІ БАР

1961 жылы әскерге аттанып, Отан алдындағы борышын өтеп қайтты. Маңғыстау деп аталатын маңғаз өлкеде жарты ғасыр бұрын мешуе даланың жым-жырттығын шайқап жіберген мұнай бұрқағының атқылауы – Тыныштық Базарбаевты мұнай саласына апарды. Ел еңсесі тіктеле бастады. Қатықсыз көже ішкен жылдар артта қалды. Еңбекқор жанның бағы өрге домалады. Елгезек, жұмысқа тиянақты, көпшіл азамат қай жұмысты да абыройлы атқара жүріп, ұжымға сыйлы бола білді. «Өзенмұнайгаз» Компаниясында ол атқармаған жұмыс кемде кем шығар, сірә! Мамандар бөлімінің бастығы, ғылыми зертхана бастығы, экономист те, бас бухгалтер де болды. Бұрғылау жұмыстары басқармасында кәсіподақ төрағасы, Жаңаөзен қалалық атқару комитеті төрағасының орынбасары, тіпті кей жылдары тігін фабрикасының директоры да болды. Өмірінде атқарған қызметтерін санамалап шығу мүмкін емес. Зейнеткерлікке шыққан ол бүгінде Нәсіпқали Марабаев атындағы «Мұнайшы» қоғамдық қорының Жаңаөзен қаласы бойынша үйлестірушісі болып жұмыс істеп жүр. Әрине, Т.Базарбаевтың

компанияға сіңірген адал еңбегі еленбей қалған жоқ. Ол «Құрмет белгісі» орденімен, «В.И.Лениннің туылғанына 100 жыл», «ҰОС 20 жылдығы» медалдерімен марапатталды. Елбасының Алғыс хатына да ие болды. «ҚазМұнайГаз» БӨ АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Нұр Отан» партиясынан алған Алғыс және Құрмет грамоталары көп. Зейнеткерлікке шықса да, ол бүгінде мұнайшы ардагерлердің қоғамдық қорында жұмыс істеп, саладан қол үзген жоқ.


Біреуге ерте, біреуге кеш келетін ажал-құдірет барды бар деп, жоқты жоқ деп алапай көріп пе еді... Жақында Тың жарты ғасырдан астам уақыт отасқан бәйбішесінен айырылып қалды. «Қайғы келсе – қарсы тұр...» – деп Абай айтпақшы, қайғыға қарсы тұрды. Тірі жанның тіршілік жасауы – мұсылмандық дәстүр ғой. Ол да сабырға келіп, Алланың әміріне көнді. «Адам бірге жүргенде бір-бірінің қадірін біле бермейді екен. Әйел адам қашанда отбасының ырысы екен ғой...» – дейді мұнайшы аға. Қазақта «адам ұрпағымен мың жасайды» деген жақсы сөз бар. Аллаға шүкір бүгінде Тыныштық Базарбаев ұлы Бекжаннан Темірлан, Ақбаян,

Айшолпан, Айсауле, Нәсіпқали атты немерелер сүйіп отырған бақытты ата. Баласы нарық заманына бейімделіп кәсіпкерлікпен айналысып жүрсе, келіні Гүлшат «Өзенмұнайгаз» АҚ-ында қазынашылық департаментінде абыройлы жұмыс жасап жүр. Адам баласы жасы ұлғайған сайын босайтын көрінеді. Бүгінде ардагер аға немерелерінің жолына жүрегін төсеуге дайын. Ойлап қараса, өмір шіркін пойыздай зулап өтіп барады. Күнді күн, айды ай қуалап... көктемді жаз, жазды күз алмастырады.

Адамға егделікпен бірге естілік те келеді екен. Бүгінде 75 жасқа шығып, еңбегінің жемісін, бейнетінің зейнетін көріп отырған Тыныштық Базарбаев жер басып, көкәйдін аспан астында туған жерді аралап, әйтеуір, тірі жүрудің өзі бақыт екендігін жақсы түсінеді. Тоқшылықта тасымаған, жоқшылықта жасымаған ол «Адамға мал мен мансап өмірлік жолдас болмайды екен. Жалғанда жұрттың көзіне қарай алатындай жүзің жарқын, бетің ашық болғанға не жетсін! Ең бастысы – жарық дүниеге келіп, сүйініп, күйініп, сүрініп, тұрып, күліп, жылап, шалқып, қамығып... өмір сүрдім. Адам болып келген өмірден адам болып өтсем арман не?» – деп ой түйеді.

Мұнай саласында ұзақ жылдар еңбектен Тыныштық Базарбаев мерейлі 75 жастың биігіне көтерілді. Өткенге шегініс жасасақ, ардагер аға екінші дүниежүзілік соғыс жүріп жатқан кезде нағыз қақаған қыста дүние есігін ашты. Жылдар өте балдай тәтті балалық шақ көзден таса, көңілден жырақ болды. Ес жиып, етек жапқан кезде бірде аш, бірде тоқ жүрсе де көңіл көтеріңкі, көкірек үміт пен сенімге толы болатын. Еңбек жолын бозбала бастауыш класс оқытушысы болып бастады.

ЖАҚСЫ СӨЗ АЙТЫП ҮЙРЕНЕЙІК



”
Бір ауыз жылы сөз –
қылышты да қынына кіргізеді
“



сымен асыл. Сөздің қадірін білетін, әңгімесі жүйелі адамның аузынан шыққан лебіз көкірегіңе сәуле құйып, жан-дүниенің рухтан-дырып, қанаттандырады. Адамды қуантудан артық бақыт жоқ. Адамды жер қылуға бір ауыз сөз жетіп жатыр. Бір ауыз сөзбен адамды тұқыртуға, жертезек етіп қорлауға, рухын таптап жасытуға болады. Бір ауыз сөздің бір түйелік салмағы болады. Асылы адамзатты бұзатын ауыз, одан шығатын жел сөз. Оспанхан ағамыздың пікірінше «Итің жаман деген де ауыр сөз...» Не пәленің бәрі сөзден басталған. «Түу, Бекежан, сен сөзді бөле бердің ғой?» Бұл – «Қыз Жібек» фильміндегі Сырлыбай аузымен

айтылатын ауыр сөз. Сөз дегенің де бір дауасыз дерт ғой. Қазақта өзге дүние жетпесе де, шүкір, сөз жағы жетеді. Баяғы Сырым батырдың Хиуаның ханына: «Басқа бәле – тілден» дейтіні тегін дейсің бе?

– Жапалақ ұшпас жасыл тау,
Жақсылардың өзі өлсе де, сөзі сау.
Ойлап тұрсам жаманның,
Жалаңдаған өз басына тілі жау.

Қаланың қулық-сұмдығынан ада қазақтың сайын сахарасында сөзге тоқтаған, екі сөйлеуді өлімге санаған. Сөзге тоқтамағанның төбесі бітеу. Неге қазір сөз жүрекке жетпейді? Неге жетемізге тексіздің деген аталы сөз батпайды. Өйткені, біз бүгін адамзат үшін ең асыл қазына – Тіл мен Сөз екенін ұмыттық. Ата-бабамыз сөз түсінбегенді «мақұлық» демеуші ме еді? «Білгенге – маржан, білмеске – арзан, надар бағыра ала алмас» деп шамырқанды дана Абай. «Бір ауыз жылы сөз – қылышты да қынына кіргізеді». Иманның жартысы жақсы мінез болса, жақсы мінездің жартысы – жақсы сөз. Рухымыздың тазалығы – аузымыздан шыққан сөзіміздің жақсы-жаманынан білінеді. Деннің саулығы – тілдің саулығынан басталады. Лұқпан хакімнің «Жақсы болмақ та тіл мен жүректен, жаман болмақ та тіл мен жүректен» – деуі бекер емес. Қызмет те, мансап та, даңқ та, дақырт та мәңгілік емес. Сөз ғана мәңгі! Қазақ көбінесе астарлап сөйлейтін халық. Астарлы сөздің астарында шындық жатады. Құпияны жалаңаштай берудің пайдасы жоқ. Сөз ойдан туады, ойдың шарламайтын қиыры жоқ. Көркем сөз қуған адамның сана-сезімі, қиялы ұшқыр болады. Асқар Сүлейменов айтпақшы: «Жақсыдан сөз шығады жан секілді, тамырдан атқылаған қан секілді». Адам баласы

”
Жақсы сөзге жан семіреді,
жаман сөзге жан түршігеді
“

әсте астам сөйлеу керек. Қылыш жарасы біткенмен, сөз жарасы бітпейді. Атақты шығыс дәрігері Ибн Сина «Дәрігердің үш түрлі құралы бар. Біріншісі – сөз, екіншісі – дәрі, соңғысы – пышақ» – дейді. Жақсы сөз – жарым ырыс... Жақсы сөз, жақсы ниет, жақсы пейілден артық жанға шипа не бар. Қазақ нақылына сүйенсек: «Жақсы сөзге жан семіреді, жаман сөзге жан түршігеді».

Адамды адам мерт етпек
Улы тілдің ұшымен
Жаннан тәнге дерт өтпек,
Жылы қанның ішімен.

Қазіргі балаларымыздың тілімен бірге мінезінің күрт өзгеруі жаныңа батады. Олар «Па, шіркін!», «Бәрекелді!», «Жарайсың!» деудің орнына «Уау!», «Иесты!», «Класс!» дейтінді шығарды. Бұл енді бөлек әңгіме. Ауыздан шыққан жақсы лебіз әлемдік сананы сауықтырады. Әбіш Кекілбайұлы сөз хақында былай деп тұжырым жасайды...

«Қазақтың Сөзден басқа мемлекеті болмаған. Сөзі құласа – өзі құлайды. Сөзі түзелсе – ісі түзеледі, ісі түзелсе, көші түзеледі». Расында да ұлы даланың идеологиясын жасаған сөз зергерлері – билер, шешендер екені дау-сыз...

Сарша Сүгірәлі,
«Өзенмұнайгаз» АҚ қызметкері

”
Адамды ауыртатын да,
жазатын да – сөз
“



Ғалия Ерниязова

«Ембімұнайгаз» АҚ-да зейнеткерлік жасқа жеткен мамандарды демалысқа құрметпен шығарып салу дәстүріне сай, үш қызметкерді әріптестері ұлығылап, құрмет көрсетті.

«Ембімұнайгаз» АҚ геологиялық барлау жұмыстары департаментінің бөлім бастығы Ғалия Ерниязова бүкіл саналы ғұмырын мұнай-газ өнеркәсібінің геология саласына арнаған адам. Оның өндірістің дамуына қосқан үлесі елеулі. Еңбек жолын «Эмба-нефть» бірлестігінде геолог болып бастап, осы саланың білікті маманы атанды. Геологиялық зерттеу жұмыстарының орындалу сапасын, ұңғыларды күрделі жөндеу жұмыстарының өз

ҚҰРМЕТТІ ДЕМАЛЫСҚА ШЫҚТЫ

деңгейінде жүргізілуін қадағалап, ұңғылардан сынама алу, ай сайынғы есебін жүргізу жұмыстарын біліктілікпен жүргізді. Өз ісін мінсіз атқарып, шеберлік шыңына шыға білген маманның марапаттары, атақ-дәрежелері аз емес. Әріптестері сауатты, өз ісіне мығым, өндірістегі тәжірибесі мол маман, өмірде мейірімді жан ретінде ерекше құрметтейді.

Дүйсенов Тәңірберген Ембінің кеніштерінде 1970 жылдан бері еңбек етіп келеді. Еңбек өтілін «Мақатнефть» мұнай-газ өндіру басқармасында Мақат мұнай газ өндіру кең аланында қарапайым мұнай газ өндіру операторы болып бастап, сол мекемеде оператор, шебер, техник, технолог, цех бастығы, орталық инженерлік технологиялық қызметінде инженер, өндірістік техникалық бөлім инженері, бөлім бастығы, басқарманың өндіріс жөніндегі бірінші орынбасары, бас инженері, «Мақатмұнайгаз» МГӨ басқарма бастығы болып қызмет етіп, өндірістің дамуына зор үлес қосты. Соңғы жылдары «Доссормұнайгаз» МГӨБ-де еңбекті қорғау және өнеркәсіп қауіпсіздік бөлімінің бастығы болып еңбек етті.

«Ембімұнайгаз» АҚ 2014 жылдан бастап әйелдер үшін жасы 55-ке және ерлер үшін жасы 60-қа толып, тараптар келісімі бойынша аталған жаста зейнеткерлікке шығуға ерікті түрде келісім берген тұлғаларға зейнеткерлік жасқа жеткенше жәрдемақы төлеу Ережелерін бекіткен

болатын. Бұл Ереже тек өндірісте, ауыр жұмыста жасағандар үшін ғана емес, жасы жеткен Қоғамның барлық мүшелеріне де қолданылады.

Айбаров Амангелді де осы бағдарлама аясында 60 жасқа толған соң, демалысқа шығуға шешім қабылдапты. Ол білікті инженер, сапа қызметінің жетекшісі ретінде компанияға бірқатар халықаралық стандарттардың енгізілуіне бастамашы болып, осы бағытта біраз тер төккен.



Тәңірберген Дүйсенов



Амангелді Айбаров

Мамандарды әріптестері келіп құттықтап, жылы лебіздерін білдірді. «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков: «Зейнет жасына жеткендердің демалысқа шығуы кейінгі толқын біздерге жауапкершілік пен сенім жүктейді. Сіздерді көп жылғы еңбектің зейнетін көрер қуанышты шақтарыңызбен құттықтаймын» деді. «Зейнеткерлік те бір белес қой, құрметтеріңізге зор рахмет» деп зейнеткерлер ризашылығын білдірді.

«ТЕГІНДЕ БАР ТЕК ЖАТПАС»



«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамына қарасты Технологиялық транспорт басқармасында автобус жүргізушісі болып қызмет атқарып жүрген әріптесіміз Болат Самалаев жан-жақты өнерлі жан. Ол әнші және композитор. Тіпті өнер сайысына қатысып, жүлдегер де атанып жүр.

Болат 1964 жылдың 5 тамызында Түпқараған ауданына қарасты Таушық аулында өнерпаздар отбасында дүниеге келіп, екі жасында Шетпе аулына көшіп келеді. Домбырашы әкесі 1957 жылы Атырау қаласында өткен домбырашылар фестивалінде Есірдің «Ақжармасымен» шығып, жүлдегер атанады. Ал анасы қазақтың небір халық әндерін тамылжыта орындағанда адамның жан дүниесін баурап алатын. Өнерлі әке-шешенің дарыны ұландары да дарыды. Болаттың ағасы Марат Ордабаев республикаға танымал композитор. Мектеп қабырғасында ағасының жетекшілігімен «Адай» тобын құрып, ауылдың шараларына қатыса бастауы – Болаттың өнер әлеміне жасаған алғашқы қадамы болатын...

«Ән қалай пайда болады?» – деген

сұрағымызға Болат «Әннің пайда болуын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Бір тылмыс күш алып-ұшып, кеуденен жарып шыққысы келіп тұрады» – дейді.

Әрине, Сіз бен Біз әннің махаббаттан, шабыттан, ыстық сезімнен, жүрек толқынысынан туатынын жақсы білеміз. Бүгінде ердің жасы елуді еңсерсе де Болат жаны сүйген өнерден қол үзіп кете алмады. Компаниядағы вокалды-аспаптық ансамбліне музыкант. Бас гитарада ойнайды. Өнерпаздар 2013 жылы Ақтау қаласында өткен «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ 10 еншілес мекемелерінің өнерпаздары қатысқан «Дала дарындары» атты өнер додасында бас жүлдеге ие болып, ауылға көңілдері әндетіп қайтқан болатын. Әбіш Кекілбайдың туған ауылы Оңдыда өткен 70 жылдық тойында өнер көрсетіп, көрермендер қошеметіне бөленді. Жуырда облыстық «Сөз бен саз» бағдарламасында қонақта болып, өнер хақында сұқбат берді. Аталмыш бағдарламаның есеп беру концертінде шырқаған «Айналайын» әні тыңдаушыларға тымырсық кеште жаныңды жадыратар самал

сияқты әсер етті десек қателесе қоймаспыз. Көрермен Болаттың әнін құмарта құшырлана тыңдады.

Бір қызығы бұл әннің сөзін өзіміздің әріптесіміз ӨЭМБ қызметкері әуесқой ақын Нұрлан Бекжанов жазыпты. Вокалды аспаптар ансамблі Болат Самалаевтан басқа, Айса Қожбанов, Талап Ақшабаев және Рахат деген өнерлі жігіттерден құралған.

«Өнер қан қуалайды», – дейді қазақ. Бәлкім бұл сөздің жаны бар шығар. Өйткені, Болаттың бала-келіні Қуат Самалаев пен Сәнзира Қазиева дуэт болып, ән шырқап жүр. Болаттың Шетпе аулында тұратын апалары Айсұлу мен Бақыт Ордабаевалар да «Әжелер» ансамбліне ән айтады. Оның әндері құлаққа жағымсыз, көңілді айнытатын әндер қатарынан емес. Әріптесіміздің әкесіне деген сағыныштан туған «Әкешім» әні де жаныңды балқытып, көңіліңді босатады.

Жер бетінде бар болғаны жеті-ақ нота бар. Сол 7 нотаның өзінен әлемде күніне бір-біріне ұқсамайтын миллионға жуық әуен туатыны қандай ғажап!



ГОРЯЧАЯ ЛИНИЯ!

Скажем
коррупции
СТОП!

АО «РД «КМГ» в рамках совершенствования корпоративных политик в области противодействия коррупции, внедрило «горячую линию», доступ к которой доступен 24 часа в сутки, 7 дней в неделю посредством электронной почты:

report@seehearspeakup.co.uk

или на сайте:

www.seehearspeakup.co.uk

также позвонив на следующие телефонные номера:

8 800 333 3574 (RU)

8 800 333 4233 (KZ)

8 800 333 4244 (ENG)

звонок бесплатный

Обращения, в том числе анонимные, поступающие на «горячую линию», рассматриваются Службой внутреннего аудита АО РД КМГ, иными структурными подразделениями, либо рабочими группами, обеспечивая надлежащий уровень независимости и объективности.

По поступившим в текущем году обращениям проведена соответствующая работа и приняты необходимые меры реагирования.

Сотрудникам гарантируется анонимность и конфиденциальность.

МЕНШІК ИЕСІ:

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде есепке қойылып, № 6668-Г куәлігі берілген.

Мекен-жайымыз:

010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17 үй, 11 қабат, 1102 бөлме.

✓ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

✓ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды.

✓ «Мұнайлы мекен» газетінде жарияланған материалдар көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.

✓ Жарияланған суреттердің сапасына редакция жауап береді.

Шығарылымды дайындауға қатысқандар:

Бақдәулет Төлеген – B.Tolegen@kmger.kz
Жұмагүл Темірғали – Zh.Temirgali@kmger.kz
Бибігүл Бөбекбай – Psdso@umg.kmger.kz
Лаура Сулейменова – L.Suleimenova@emg.kmger.kz
Ғалия Қаражанова – G.Karajanova@emg.kmger.kz
Қосұйым Мұқашев – K.Mukashhev@emg.kmger.kz
Алтынгүл Әлішерова – AAlisherova@kgm.kz
Жаңагүл Серікова – Zh.Serikova@kmger.kz
Диана Қалқамбекова – D.Kalkambekova@kmger.kz

Байланыс телефоны: +7 (7172) 97 78 93

Эл.почта: munailymeken@kmger.kz

Газет айына 2 рет шығады, Таралымы 5 000 дана

МЕРДІГЕР: «Samruk invest group» ЖШС

Астана қ-сы, Сарыарқа даңғылы, 41-үй, 476 кеңсе. Тел.: +7 (7172) 68 00 79

«Ақжар-АБК» ЖШС

Ақтөбе қ-сы, Қобыланды көшесі, 17 тел.: +7 (7132) 21 19 30